



« 01 » 09 2022 ж.

Педагог – психологтар: Отебаева А.К
Сарғұл Ж.К

2022-2023 оқу жыл

**«Жалпы білім беретін Шахта мектебі» КММ-сінің педагог-психологінің психологиялық қызмет бойынша
2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары**

Мақсаты: Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, олардың өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, оң дүниетанымын және ақпараттық қоғамның жылдам дамуына олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыда көмек көрсету;
- Білім алушылардың асоциалды және аутодеструктивті жүріс-тұрыс көріністерін анықтау және алдын алу;
- Педагогтарға әлеуметтік-психологиялық диагностика негізінде білім алушылармен жеке жұмыс жасаудың тәсілін ұйымдастыру процесінде көмек көрсету;
- Білім беру процесі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзіреттіліктерін арттыру.

I. Диагностикалау

№	Іс-шаралары	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1	1,5 сынып оқушыларының бейімделуін бақылау ПК қаралады А) «Кішкентай адам» суреттік тесті Ә) «Суреттік тест» Б) «Менің сыныбым» В) «Мектепке қарым-қатынасым»	Суреттік тест , сауалнама Кесте толтыру	1 сынып 5-сынып	Қыркүйек- Қараша		Ақпаратлама
2	1.«Суицидке бейімділіктің алдын алу» 3.Королева тесті 2. «Зунг» шкаласы 3.«Кондаш» тестісі	Сауалнама Сауалнама	5-11 сыныптар 7сыныптар 6сыныптар	Қазан		Ақпаратлама
3	1.«Социометрия» әдісі 2.«Жасөспірімдердің физикалық-психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша сауалнама	Сауалнама	5-11 сыныптар 8 сыныптар	Қазан-қараша		Хаттама
4	1.«Климов» тест 2. Темперамент типтерін анықтау 3. Филипстің «Оқушылардың мектепке мазасыздығын анықтау» сауалнамасы	Тест Сауалнама	9-11 сыныптар 3-10сыныптар 10сыныптар	Қараша		Ақпаратлама Ақпаратлама

	2-3 сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін анықтау	Әдістеме	2-3 сыныптар	Желтоқсан		Ақпарлама
5	Үлгерімі төмен оқушылар тұлғасының танымдық сферасын зерттеу	Сауалнамасы	Сұраныс бойынша	Жыл бойы		Ақпарлама
6	Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында ананимді сауалнама жүргізу	Сауалнама	5-11 сыныптар			

II. Түзету-дамыту жұмысы

№	Жұмыстың мазмұны	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1.	1.«1 сыныптың бейімделу» сауалнамасынан кейінгі түзету жұмыстары. 2.Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс	Тренинг, жеке сабақтар	1 сыныптар ЕБҚ оқушылар	Қыркүйек		Ақпарлама
2.	Психологиялық сабақтар Суицидке бейімділіктің, бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын-алу сауалнамасы бойынша жұмыс ДЖК қаралады	Тренинг Жеке сұхбат	5 сыныптар	Қазан Қараша		Ақпарлама
3.	1. «Көңіл –күйіңді көтеріп, қуана біл!» 2. «Жүрек жылуы»	Дәріс- тренинг Тренинг	8 сыныптар Әкелер	Қазан-қараша		Ақпарлама
4	«Психология мәдениеті»психологиялық жаттығу. «Менің кәсіби мамандығым» «Жас түлектердің стресске жақындығын айқындау»	Тренинг-сабақтар Тренинг-сабақ Тренинг	Қыз балаларға Жас мамандарға 11 сыныптар	Тоқсан сайын Қараша		Ақпарлама Ақпарлама
5	Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары	Жеке сабақтар	ЕБҚ оқушылары	Жыл бойы		Ақпарлама
6	ОЖСБ алдында оқушыларды жүйкелік- психологиялық қысымдардан арылту мақсатында дәріс жүргізу. «Қарым – қатынасты нығайтуға арналған жаттығулар»	Дәріс- сабақ Тренинг	4,9сыныптар 3,4 сыныптар	Желтоқсан		Ақпарлама
7	«Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықының алдын алу»	Түзету - жаттығулары	7-10сыныптар	Тоқсан сайын		Ақпарлама

8	1. Дарынды балалармен психологиялық жұмыс	Тренингтер	Дарынды оқушылар	Жыл бойы		Ақпарлама
9	1.«Өмірдің бақытты сәттері» тренинг	Психологиялық тренинг	11- сыныптар	Наурыз		Ақпарлама
10	1.«Зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» 2. «Қарым-қатынас жарасымы»	Тренинг-жаттығу	5сыныптар Ұжым	Сәуір		Ақпарлама

III. Профилактика және психологиялық ағарту

№	Жұмыстың мазмұны	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1.	1.1-сынып оқушыларының ата-аналарына кеңес. 2. 5 сынып оқушыларының ата-аналарына кеңес. 3. 11сынып оқушыларының ата-аналарына кеңес.	Кеңес беру	1, 5, 11 сынып ата-аналары	Қыркүйек		Ақпарлама
2.	1. Жас мамандарға кеңес сұраныс бойынша.	Кеңес беру	Жас мамандар	Қазан		Ақпарлама
3.	1.« Жас және жаңадан келген мұғалімдердің кәсіптік бейімделуіне психологиялық көмек» 2.«Ата-аналарға психологиялық сергіту жаттығулары»	Семинар Тренинг	Жса мамандарға Ата-аналар	Қараша		Ақпарлама
4	1. «Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез құлықтың алдын алу» бағдарламасы негізінде «Қауіп-қатер тобына алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізу, кеңес беру. 2. Оқушылардың танымдық процестерін арттыру	Кеңес беру Тренинг-сабақ	8сыныптар 5сыныптар	Желтоқсан		Ақпарлама
5	1.«Бала құқығы- адам құқығы»	Дәріс-тренинг	6-8сыныптар	Қараша		Ақпарлама
	1.«Ашу-ызадан арылуға арналған жаттығулар» 2.« Зорлық-зомбылыққа төтеп берейік»	Тренинг Тренинг	9,11сыныптар Ата-аналарға	Ақпан		Ақпарлама
6	1.Мұғалімдерге психологиялық кеңес беру.	Кеңес беру	Мұғалімдер	Жыл бойы		Ақпарлама
7	1.«Рухани жаңғыру»бағдарламасын негізге ала отырып, Алғыс айту күніне арналған «Ризашылық –мейірімділік бұлағы»	Тренинг	Ата-аналар	Наурыз		Ақпарлама

8	1.«Үлгерімі төмен оқушылармен дамытушылық тренингтер	Тренинг	1-10 сынып	Жыл бойы		Ақпарат
9	1. «Кибербуллинг туралы әңгімелесейік» 2. «Буллинг деген не? Және одан қалай қорғану керек?» 3. «Кибербуллингтың зардабы»	Әңгіме Дөңгелек үстел Дәріс-сағат	8-9сыныптар 6-7сыныптар 10-11сыныптар	Қаңтар-ақпан		
10	«Мұғалім –мектеп жүрегі»	Семинар	Сынып жетекшілер	Ақпан		Ақпарат

IV. Консультация беру

№	Жұмыстың мазмұны	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1.	1. 1- сынып ата-аналарына арналған консультация.	Кеңес беру	1 сынып ата-аналары	Қыркүйек		Ақпарат
2.	1. «Жас келсе іске» жас мамандармен жұмыс. 2. 11 сыныптар ата-аналарына арналған консультация.	Кеңес беру	Жас мамандар 11 сынып ата-аналары	Қазан		Ақпарат
3.	1.«Жасөспірімдердің физикалық- психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша жасөспірімдерді сауалнамаға қатыстыру үшін ақпараттық келісім алу мақсатында ата-аналармен жиналыстар өткізу.	Жиналыс, түсіндіру жұмысы	8 сынып ата-аналары	Қараша		Хаттама Ақпарат
4	1.«Жасөспірімдердің физикалық- психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша оқушыларға дәріс оқу	Дәріс, түсіндіру жұмысы	8 сыныптар	Үнемі		Ақпарат
	1.«Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында мамандарға психологиялық дәріс» 2. «Зорлық –зомбылықтың алдын алу бағытында кеңестер беру»	Дәріс Кеңес беру	Ұжымға 5-11сыныптар	Желтоқсан Жыл бойына		Ақпарат
	1. «Тренинг-жаттығулар»	Психологиялық тренинг	Мектеп ұжымы	Ақпан		Ақпарат
5	1. Ата-аналарға сұраныс бойынша психологиялық кеңес.	Сұраныс бойынша	Ата-аналар	Жыл бойы		

						Ақпарлама
6	1. «Өмірдің бақытты сәттері »	Дәріс-сабақ	11 сынып	Наурыз		Ақпарлама
7	4-сынып ата-аналарына кеңес	Кеңес беру	Ата-аналар	Сәуір		Ақпарлама
8	«Психологиялық көмек» ашық есік күні	Кеңес беру	Ата-аналар, оқушылар	Жыл бойына		Ақпарлама

V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

№	Жұмыстың мазмұны	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1.	1. «Жеке адам және өзін –өзі тәрбиелеу» 2. «Зорлық-зомбылықсыз мейірімді әлем »	Тренинг Тренинг	8 сыныптар	Қыркүйек		Ақпарлама
2.	1. «Біз біргеміз»	ЕБҚО	Пән мұғалімдері	Қазан		Ақпарлама
3.	1. Зорлық-зомбылықтың алдын алу	Дәріс-сабақ	Ұжым	Қараша		Ақпарлама
4	1.«Сәтті күннің көңілді бастауы»	Жаттығулар	Бастауыш сынып оқушылары	Желтоқсан		Ақпарлама
5	1.«Қыздар гигиенасы»	Дөңгелек үстел	7-11 сынып қыздары	Ақпан		Ақпарлама
6	1.ПМПК мектеп консилиумының отырыстары	Жоспар бойынша	Сынып жетекшілер	Уақытында		Анықтама
7	1.«Ата-ананың педагогикалық –психологиялық күзіндеттілігі бала саулығының кепілі»	Дәріс-сабақ	Ата-аналарға	Наурыз		Ақпарлама

**Жалпы білім беретін Шахта мектебінің
2022-2023 оқу жылы бойынша педагог-психологтарының жылдық
жұмысына
Ақпарат**

2022-2023 оқу жылын 1-11 сынып 680 оқушы, МАД сыныбын 37 оқушымен бастады. Оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен ұйымдастырылған іс-шаралар «Жалпы білім беретін Шахта мектебі» КММ-нің фейсбук, инстаграм парақшасына салынып, мектеп сайтына жүктеліп отыр. <https://www.instagram.com/shakhtamektebi?igsh=em9xd2Zja3U2ZGxs>
<https://www.facebook.com/profile.php?id=100011596277758&mibextid=bWKwL>

Мектебімізде педагог-психолог қызметі бойынша 2 психолог жұмыс атқарады.

Педагог-психолог: Сарғұл Жамал Қадірбайқызы

Педагог-психолог: Отебаева Асем Кызыкбаевна

Жыл ортасында Сарғұл Ж.К декреттік демалысқа кетуіне байланысты Қожаназарова Б.С педагог-психолог болып қабылданды.

Жұмыс барысында басшылыққа алынатын құжаттар:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы.
- «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдық үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы;
- Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы «15» мамырдағы № 115 қаулысымен бекітілген «Маңғыстау облысының орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары»;
- Маңғыстау облысы білім басқармасының 08.12.2020 жылғы № 130-нқ бұйрығына сәйкес «Маңғыстау облысының орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары»;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық консилиум ережесі» 2016ж;
- Бала құқықтары туралы Конвенция;
- ҚР «Неке және отбасы туралы» Кодексі;
- ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы 2011ж
- ҚР «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың және бақылаусыздық пен панасыздықтың» алдын-алу;
 - ҚР «Білім туралы» Заңы
 - ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық логикалық түзету арқылы қолдау туралы» Заңы

Мектептегі психологиялық қызметі –

Мақсаты: Оқушының білім алу кезіндегі оқу дағдысын, қабілеттілігін анықтап, психологиялық жұмыстар жүргізе отырып, оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыруға психологиялық қолдау көрсету; Әрбір баланың толыққанды психикалық және тұлғалық дамуына әсер ететін жағдайлармен қамтамасыз ету негізгі мақсаты болып табылатын білім беру жүйесіндегі арнайы сала.

Психологиялық қызметтің негізгі жұмыс бағыттары, міндеттері және оны жүзеге асыру формалары бойынша 5 бағытта жұмыс жүргізіледі.

I. Психологиялық диагностика

II. Психологиялық ағарту (профилактика)

III. Психотүзету (психокоррекция)

IV. Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу


V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс (әдістемелік көмек)

Психологиялық қызмет іс-әрекетінің жылдық жұмыстарының негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық іс-шара жоспары жасалып бекітілді. Іс-шара жоспарындағы жоғарыда келтірілген бес бағыт бойынша атқарылатын жұмыстарға бөлінді.

I. Психодиагностика бағыты

Мақсаты: мектеп оқушыларының білімге, мектепке деген қарым-қатынасын анықтап, білім алуына кедергі келтіретін келеңсіз жағдайларды диагностикалау және алдын алу.

1.1-сынып оқушыларын диагностикалауға арналған әдістеме (Я.Йерасек)
Мақсаты: оқушылардың мектептік көзқарастарын бақылау, олардың білімге ынталарын, қоршаған ортаға бейімделулерін анықтау мақсатында «Кішкентай адам» суреттік тестісі алынды. Тестке 64 оқушы қамтылды. Тест нәтижесі бойынша шимай салып отырған оқушы жоқ. Оқушылар өз деңгейінде қалыптасып отыр.



5-ші сынып оқушыларының ақыл-ойы мен интеллектуалды даму деңгейін диагностикалау мақсатында 5-сынып оқушыларына ортаға бейімдеуге

арналған «Н.Г.ЛУСКАНОВА» әдістемесі негізінде «Менің сыныбым», «Мектепке қарым-қатынасым» әдістер жүргізілді. Әдістемеге 70 оқушы қатысты. Әдістеме нәтижесі бойынша оқушылар жақсы қалыптасқан, мұғалімге, сыныптастарына, мектепке деген мотивациясы қалыпты деңгейде екені анықталды.

2. Сонымен қатар Королеваның «Суицидке бейімділігін анықтау» сауалнамасы жүргізілді. Суретті бояу арқылы бала деңгейі анықталды. Бұл сауалнамаға 5-11 сыныптардан 348 оқушы қатысып, оқушылардың суицидке бейім емес сонымен қатар өмірге деген құлшыныстарының жоғары екені анықталды. Өмір деген қызығушылығы қалыпты деңгейде екені анықталды.

3. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың тізімі жасақталып, жылдық жоспар құрылып, 2 оқушы есепке алынып жұмыстар жүргізіліп отыр.

4. «Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайту және суицидтің алдын алу» 8 сынып оқушыларынан сауалнама алу бойынша жоспар жасақталды. Сауалнамаға 49 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша төмендегі кестеде келтірілген.

Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар арасынан жеңіл депрессия, жеңіл үрейде жүргендігі анықталды. Бұл анықталған оқушылармен сұхбаттар мен кеңестер жүргізілді. Сонымен қатар дәріс- сабақтар да жүргізілді.

5. 3-10 сынып арасындағы оқушыларға «Темперамент типін анықтау» тесті жүргізілді. Темперамент типтерін анықтауға оқушы 501 қатысты. Тест нәтижелері тексеріліп хаттамалары жүргізілді. Өлсіз типтегі анықталған

Эмоциональ- дық белгілер	Мінез- құлыққа қатысты қиындықтар	Гипер- белсенді- лік	Қатарластар ымен қарым- қатынастар	Әлеуметтік талаптарға сай емес мінез- құлық	Жалпы қиындықтар	Депрессия	Стресс	Үрей
Қалыпты -48 97,9%	Қалыпты -42 85,7%	Қалыпты -47 95,9%	Қалыпты -34 69,3%	Қалыпты – 30 61,2%	Қалыпты –47 95,9%	Қалыпты - 46 93,8%	Қалыпты -49 100%	Қалыпты - 43 87,7%
Шекаралас -0	Шекаралас -6 12,2%	Шекаралас -2 4,1%	Шекаралас -15 30,6%	Шекаралас -5 10,2%	Шекаралас -2 4,1%	Жеңіл - 2 4,1%	Жеңіл - 0	Жеңіл -5 10,2%
Ауытқу-1 2,1%	Ауытқу-1 2,1%	Ауытқу-0	Ауытқу-0	Ауытқу-14 28,5%	Ауытқу-0	Орташа – 1 2,1%	Орташа -0	Орташа -1 2,1%
						Ауыр-0	Ауыр-0	Ауыр-0

оқушылардың сынып жетекшілеріне ұсыныс ескертпелер берілді.

6. «Зунг» шкаласы (Т.И. Балашованың бейімдеуі бойынша) 7 сынып оқушыларының депрессия деңгейі анықталды. Тестке 61 оқушы қамтылды. Тест нәтижесі бойынша 59 оқушы қалыпты деңгейде болса, 2 оқушы жеңіл депрессия деңгейінде екені анықталды. Анықталған оқушылармен сұхбат жүргізілді.

7. 6 сыныптардан «Кондаш» тестісі алынды. Мақсаты: оқушылар бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау. Тестке 62 оқушы қамтылды. Тест нәтижесі бойынша кестеде берілген

Тұлға аралық	Мектепшілік	Өзін-өзі бағалаушылық
--------------	-------------	-----------------------

Жоғары 20,9% Қалыпты 51,6% Төмен 27,4 %	Жоғары 12,9% Қалыпты 70,9% Төмен 16,2 %	Жоғары 14,5% Қалыпты 67,7% Төмен 17,7%
--	--	---

Тест нәтижесі бойынша төмен деңгейде анықталған оқушылармен сұхбат жүргізіліп, психологиялық қолдау көрсетіліп, сынып жетекшілеріне , пән мұғалімдеріне ескертілді.

8. 5-11 сынып араларынан ананимді «Бопсалау» сауалнамасы алынды. сауалнамаға 251 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша бопсалау фактілері болмағандығы анықталды.

9. Сынып оқушыларының қарым - қатынасын анықтау мақсатында 5-11 сынып оқушыларынан Дж Мореноның «Социометрия» тестісі алынып, шектелген оқушы болған жоқ. Сауалнамаға 348 оқушы қатысты.

10. 9-11 сынып оқушыларынан «Климов» тестісі алынды. Мақсаты: оқушылардың мамандыққа айқын түріне бейімділігін анықтау. Тестке 84 оқушы қатысты. Тест нәтижесі бойынша тқменде кесте түрінде берілген.

Қорытынды:

Адам-табиғат: 23 оқушы

Адам-техника: 9 оқушы

Адам-адам: 33 оқушы

Таныс жүйе: 10оқушы

Көркемдік бейне: 9 оқушы

Оқушыларға әр мамандық жайында ақпараттар беріліп, өздерінің сүйікті мамандықтары туралы пікір бөлісу болды.

10. 5-11 сынып оқушыларына «Суицидке бейімділіктің алдын алу» тақырыбында З.Королеваның тестісі алынды. Тест қорытындысы нәтижесінде суицидке бейім оқушының жоқ екендігі анықталды. Тестке 302оқушы қамтылды.

11. 2-3 сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін анықтауға жұмыстар жүргізілді. 2-3 сынып арасынан 182 қамтылды. Оқушыларға нейрожаттығулар, сергіту жаттығулары жүргізілді.

12. 10 сынып оқушыларына Филипстің «Оқушылардың мектепке мазасыздығын анықтау» сауалнамасы жүргізіліп, оқушылардың мектеппен байланысты мазасыздануының сипаты зерттеліп, анықталды. 21 оқушы қамтылды.

Мектептегі жалпы мазасыздық. Мектептегі әртүрлі эмоционалдық күйлер.	Өлеуметтік стресті уайымдау.	Қажеттілікті өтеудегі сәтсіздік кедергілері. Жоғарғы нәтижеге жетудегі қажеттіліктен өте алмау.	Үрейдің көрінісі. Өз мүмкіндіктерін ашпау, тұйықтық, өзін басқаша сезіну.	Білімді тексеру үстіндегі үрей.	Айналасы күткен нәтижеден үрейлену.
--	------------------------------	---	---	---------------------------------	-------------------------------------

Қалыпты 95% (19оқушы) Жоғары 5% (1 оқушы)	Қалыпты 95% (19 оқушы) Жоғары 25% (5оқушы)	Қалыпты 100% (20 оқушы)	Қалыпты 80% (16 оқушы) Жоғары % (4оқушы)	Қалыпты 85% (17 оқушы) Жоғары 15 % (3оқушы)	Қалыпты 90% (18оқушы) Жоғары 10% (2оқушы)
--	---	----------------------------	---	--	--

13. 1-10 сынып оқушылары арасында үлгерімі төмен оқушылармен жыл бойы жұмыстар жүргізіліп, дамытушылық тренингтері өткізілді.

II. Түзету – дамытушылық бағыт бойынша

Мақсаты: Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

1.1,5 сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне байланысты жүргізілген диагностика нәтижесі бойынша анықталған оқушыларға тернинг, жеке сабақтар өткізілді.

2. Инклюзив (ерекше білімді қажет ететін) оқушылар саны – 2 оқушы. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың арнайы мамандардан алынған анықтама қағаздары бар. Бұл оқушылармен үнемі белгіленген кесте бойынша аптасына 2 рет әр түрлі әдістемелік тапсырмалар, психологиялық дамыту, түзету жұмыстары жүргізіліп отырады. Сонымен қатар ұсақ саусақ қол маторикалар дамытатын «Саусақ жаттығулары», ермексазбен және құм терапиясымен жұмыстар жүргізіліп отырды. Нейрогимнастикалық жаттығулар үнемі жасатуға тырасамыз. Екі қолды пайдалана отырып суреттер салғызу, үзік сызықтарды біріктіріп жалғастыруға, екі қолмен жолақтар бойымен қолын алмай жасату жаттығуларын орындатамыз.. Мектепшілік консилиум ұйымдастырылып, ата-ананың келісімі алынып отырылды.

3. «Жасөспірімдердің физикалық –психикалық денсаулығын нығайту» мақсатында 8 сынып оқушыларына «Психикалық денсаулық дегеніз не?», сұрақтар төңірегінде психологиялық сабақ өткізілді. Оқушыларға психикалық денсаулықтың маңыздылығын түсіндіре отырып, өздерінің сезімдерімен ойларына назар аудара білуді, түсіне білуге, қабылдауға ақпараттар берілді.

«Көңіл-күйінді көтеріп қуана біл!» тақырыбында 8 сынып оқушыларына дәріс өткізілді. Дәріске 48 оқушы қатысты. Стресстен, депрессиядан арылу туралы әдіс-тәсілдер ұсынылды.

4. «Ерте жүктілік және ерте тұрмыс құрудың алдын алу» тақырыбында 8-11 сынып арасында мамандармен кездесу өткізілді. Кездесуге 88 қыз бала қатысты. Жиналыстың мақсаты: жоғары сынып қыздарына жыныстық өмірдің мәні, адамның психосексуалдық ерекшеліктерін түсіндіру, өз тәртібі мен мінез-құлығын саналы түрде реттеу қабілетін қалыптастыру ерте жүктіліктің алдын алу.

5. «Жеткіншектердің тұлғалық ерекшеліктерін дамыту және түзету жаттығулары» 6-8 сынып арасынан 182 оқушы қатысты. Мақсаты: Өзін-өзі одан әрі ашу, өзін-өзі тану, өзінің және айналасындағылардың

психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту. Өзінің және өзгенің даралығын бағалау, өзін-өзі құрметтеу арқылы көңіл-күйді көтеру, сезім мен эмоцияны реттеу.

6. Дарынды балалармен психологиялық жұмыс. Мақсаты: Оқушылардың дарындылығын дамыту үшін кеңестер беру, пікірлесу арқылы бір-біріне көмек беруді ұйымдастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін анықтау, дамыту. Олимпиадаға қатысып жетістікке жетіп жүрген оқушылар арасында бір-біріне көмек ретінде пікірлер айтылып, ойлар ортаға тасталды. Пікір алмасу сұрақтары беріліп, қажетінше жауаптар қайтарылып, бойларындағы қорқыныштары мен дайындық кезіндегі назарда ұстайтын негізгі қағидалар айтылды. Артынша психологиялық қолдау мақсатында кеңестер берілді.

7. «Зорлық-зомбылыққа төтеп берейік» тақырыбында ата-аналарға дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты отбасындағы бала рөлін арттыру, жауапкершілік танытуға тәрбиелеу. Дөңгелек үстелге 17 ата-ана қатысты.

«Жүрек жылуы» тақырыбында әкелердің қатысуымен тренинг ұйымдастырылды. Тренингке 10 әке қатысты. Тренингке әкелер белсенді атсалысты. Пікірлер айтылып, тәрбиедегі олқылықтар туралы пікір алмасу болды.

8. 11 сынып оқушыларына «Менің жарқын үміттерім, қауіп-қатерлерім» тақырыбында психологиялық тренинг, жаттығулар жүргізілді. Оқушылар өз бойларындағы қорқыныш сезімдерімен бөлісіп, одан шығу жолын таба білді. Тренингке 23 оқушы қатысты.

9. «Қарым-қатынас жарасымы», «Мұғалім мектеп жүрегі» тақырыбында ұжыммен түзету - дамыту жұмыстарын жүргізу барысында, арт терапиялық жаттығу түрлері мен таныстырып, қатысушылардың әріптестік қарым-қатынасын анықтап, педагог этикасын талқылып, ұжыммен жұмыс жасалды. Ұжымнан 37 мұғалім қатысты.

10. 4-11 сынып оқушыларымен «Қауіпсіз деп ойлама, ғаламтор мен ойнама» тақырыбында дәріс сабақтар жүргізіліп, оқушыларға ғаламтор туралы түсінік беріліп, сұрақ – жауаппен қорытындыланды.

III. Психопрофилактикалық және ағартушылық бағыт бойынша

Мақсаты: Психологиялық ағарту жұмыстары арқылы оқушылардың өзіндік тұлғалық дамуымен адамагершілік қасиеттерін қалыптастыру.

1. 1-11 сынып оқушыларының бейімделуіне, психологиялық ахуалын орнатуға ата-аналар жиналысында тренинг – жаттығулар, кеңестер, ұсыныстар берілді. Жиналысқа 287 ата-ана қатысты.

2. «Жасөспірімдердің физикалық психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша 7,8,9 сынып оқушыларына дәріс оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Дәріске 120 оқушы қамтылды.
3. Жас және жаңадан келген мұғалімдердің кәсіптік бейімделуіне психологиялық тақырыбында жас мамандарға арналған психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: жас мамандардың психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу. Тренинг-жаттығуға 20 жас маман қатысты.
- «Мұғалім – мектеп жүрегі» тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренингке 19 мұғалім қатысты.
4. «Күйзеліс және оның алдын алу жолдары» тақырыбында олимпиада қатысушыларына әңгіме сұхбат жүргізіліп, кеңестер берілді.
5. «Буллинг деген не? Және одан қалай қорғануға болады?», «Кибербуллинг туралы әңгімелесейік», «Кибербуллингтің зардабы» тақырыптарында 6-8 сыныптар арасында дәріс-сабақ ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған дәріске 178 оқушы қамтылды. Дәрісте зорлық-зомбылықтың зардабы мен алдын алу жұмыстары туралы ақпарат беріліп, кері байланыс алынды.
6. 9, 11 сынып оқушыларына Ашу-ызадан арылуға арналған жаттығулар жүргізілді. Нейрожаттығулар, сергіту жаттығулары жүргізілді. Жаттығуға 65 оқушы қамтылды.
7. Қамқорлықтағы, қорғаншылықтағы оқушылармен үнемі байланыста болып кеңестер беріліп отырады.
8. «Ризашылық- мейірімділік бұлағы», «Бақытты отбасында – бақытты балалар» тақырыбында ақпараттық -тренинг өткізілді. асты бағыты бала құқықтары және отбасындағы бала тәрбиесі туралы болды. Бала тәрбиесі жкнінде мәселелер көтеріліп, өмірде болып жатырған оқиғалар ата-ана жауапкершілікшілігін арттыруы жолдары мен оның алдын алу керектігі жайында тереңірек айтылды.
9. 6,7,8 сыныптардың оқушыларына «Бала құқығы- адам құқығы» тақырыбында ақпараттық-тренинг өткізілді. Шараға 109 оқушы қатыстырылып зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беріліп. Зорлық-зомбылықтың адам ағзасына тікелей әсер ететініндігі түсіндірілді.
10. 1-10 сынып оқушылары арасында үлгерімі төмен оқушылармен жыл бойы жұмыстар жүргізіліп, дамытушылық тренингтері өткізілді.

IV. Консультациялық бағыт бойынша:

Мақсаты: Педагогикалық – психологиялық сүйемелдеумен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, педагогтердің, ата – аналардың психологиялық сауаттылығын сақтау және нығайтуға бағытталған.

1. 5 – сынып және де 1 сынып оқушыларының жаңа буынға бейімделуіне ата-аналарына психологиялық кеңестер жүргізілді. Кеңестер жазылған брошюралар таратылды.

2. «Біз біргеміз» тақырыбында ерекше білімді қажет ететін оқушыларға беретін пән мұғалімдерінің қатысуымен жиналыс ұйымдастырылды. Жиналыста ЕБҚО ды мектеп психологтары ерекшеліктерімен таныстырып , мағлұмат беріп кетті. Мақсаты: Мұғалімдерге көмек көрсету және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Мұғалімдер арасындағы қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу
 3. Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез – құлықтың алдын алу бағдарламасы негізінде оқушыларға жеке дара кеңестер беріліп жеке сұхбаттар өткізілді.
 4. Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында ұжымға дәріс-сабақ өткізілді. Дәрісте зорлық –зомбылықтың алдын алудің әдіс-тәсілдері ұсынылды. Дәріске 27 мұғалім қатысты.
 5. Қорытынды аттестаттауға және емтиханға дайындық бойынша 9,11 сынып оқушыларына психологиялық кеңес берілді.
 6. Жас мамандарға «Жас келсе іске» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Тренинг мақсаты мұғалімдердің психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу. Тренингке 8 жас маман қатысты.
 7. 5 сынып оқушыларына арналған «Біздің 5-ші сынып» тақырыбында психологиялық ойындар, жаттығулар мен тренингтер жүргізілді. Жаттығудың мақсаты: Оқушылардың психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу.
- 2022-2023 оқу жылы бойынша:
Кеңес беру журналына тіркелген оқушылар саны-38.
Кеңес алуға - 11 ата-ана, 5 мұғалім келді.

V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

Мақсаты: Білім алушыларға, педагогтерге, ата – аналарға арналған психологиялық көмекті ұйымдастыру арқылы жүзеге асыру.

1. 1-11 сынып білім алушыларына жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуге ата-аналардан келісім алынды. Баланы психологиялық сүйемелдеу төмендегілерді қамтиды: психологиялық диагностика, консультация беру, тренингтер (жеке, топтық).
2. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жасайтын мамандарға психологиялық қолдау көрсетіліп, дәрістер жүргізілді.

3. Бейімделуге байланысты 1-сынып, мемлекеттік емтихан тапсыратын 9,11 сыныптардың пән мұғалімдеріне психологиялық қолдау мақсатында әдістемелік көмек көрсетілді.

4. Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Өмірге «Иә» деп айт» тақырыбында 06-10 ақпан күндері өткізілетін психологиялық апталықтың іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Мақсаты: Баланы оның денсаулығына зиян келтіретін ақпараттың, насихат пен үгіттің теріс ықпалынан қорғауға қоғамның назарын аудару. Оқушылардың өзіндік сенімін арттыру, өмірдегі өз қажеттілігін сезіну. Шара барысында оқушыларға және ата-аналарға «Ашық есік» күні өткізілді. Оқушыларға жеке кеңестер және сауалнама сұрақтарына жауап беру, әдістемелік ұсынымдар берілді. Сонымен қатар ата-аналарға да психологиялық қолдау көрсетілді. Ата-аналар көкейіндегі мәселелерді яғни, баланың қазіргі уақыттағы өзін-өзі ұстауы, мінез-құлқы, сабаққа қатысы туралы ойларымен бөлісті. Шара соңында өмірге деген жақсы көзқарас қалыптасып, өздеріне деген сенімділігі нығайып, әрқашан батыл, кез келген ауыртпалықты жеңе алатын тұлға бола алатындарына көздері жетті.

VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер.

1. I жарты жылдық бойынша атқарылған психологиялық жұмыстардың есебі аудандық білім бөліміне жіберіліп отырды.
2. Зорлық зомбылықтың және суицидтің алдын алу бойынша оқушылармен жүргізілген жұмыстар туралы мәліметтері уақытында аудандық білім бөліміне жіберіліп отырды.
3. Қауіпті сайттарға кірудің алдын алу, сенім поштасы бойынша психологтың сандық мәліметі аудандық білім бөліміне және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына ай сайын көрсетіліп отырды.

Мектеп психологтары:



Қожаназарова Б.С
Отебаева А. К

